БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы мемлекеттік басқару академиясы
магистранты Шалабаева Ж.

Түйін

Білім және тәрбие берудің бірінші сатысы – мектепке дейінгі ұйым. Қазіргі заман да білім беру жүйесін өзгерту жағдайындағы басым бағыт оқу-тәрбие жұмысын жаңғырту болып табылады. Білім мазмұны оқу материалдарын берудің әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартуды талап етеді, білім берудің әдіс-тәсілдері мен түрлерінің тиімділігі, баланың ақыл-ойы мен зердесінің дамуына тікелей әсер етеді. Бұл білім беру саласындағы бірінші кезектегі проблемалардың бірі, оны шешуді кейінге қалдыруға болмайды. Қазақстан Республикасында дамудың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа тәсілдерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа тиімді нысандарын іздестіруді талап ететін әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алуда. Қазақстандағы мектепке дейінгі ұйымдардағы білім мазмұнының дамуы мен қалыптасуының қазіргі кезеңдегі жай-күйін саралай келе, мектепке дейінгі білім берудің ғылым ретіндегі дамуына талдау жасалып, шетелдік және отандық ғалымдардың, ғұлама ойшылдардың ой пікірлері зерделенді. 2021 жылдың тамыз кеңесінде министр А.Аймағамбетовтің баяндамасына тоқталып, жоспар бойынша қамтылуы керек орындар мен мекеме қызметкерлері үшін қалыс қалған «Педагог мәртебесі» заңын мектепке дейінгі мекемелерде де іске асыру қажеттілігін ұсынды.

Кіріспе

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі білім мазмұнында болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеу мен оқытуға аса жауапты болуды негіздейді.

Жаңа жағдайда білім беру жүйесінен, оның сапалы және өмір бойына үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан Қазақстанның білім беру жүйесінің алдына оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру, оқыту сапасын арттыру, сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру, қоғамдық

сананы жаңғырту, функционалдық сауаттылықты, үштілділікті, сын тұрғысынан ойлауды және басқаларын дамыту жолға қойылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына бірқатар өзгерістер енгізілгені баршамызға белгілі. Стандартта мектепке дейінгі білім беру жүйесі келесі міндеттерді шешуді қарастырады:

- балалардың физикалық және психоәлеуметтік саулығын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу;
- патриоттық, толеранттық, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
- балалардың ерте дамуы үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту;
- балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамыту;
- мақсатты түрде балаларды мектепке дайындау.

Мектепке дейінгі кезеңде берілетін білім мен білік дағдылары жаңа заман талабына, болашақ баратын мектеп бағдарламасына бейімделуге сай болса, мектепке дейінгі мекемеден алған дағдыларын мектепте жаңғырта отырып, жаңа білімге ұмтылуға бала бойында қызығушылық болары анық. Тағы да толғандыратын мәселе білім беру қызметін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын; балаларды мектепке сапалы даярлауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана алатын білімді педагог мамандардың алатын орны ерекше.

Әдеби шолу немесе шетелдік тәжірибе

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиенің қалыптасу тарихы бойынша алғашқы қоғамдық құрылыстан бастап балаларды өмірге бейімдеу тәсілдері Антикалық Грецияда мектепке дейінгі балаларды өмірге даярлау мәселелері қарастырылған. Феодалдық қоғамдағы мектепке дейінгі тәрбие мен қайта өрлеу дәуіріндегі балабақша мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуына шолу жасалып, мектепке дейінгі тәрбиенің қажеттілігі жөніндегі идеяларды алғаш тұжырымдаған социал утопистер (Томас Мор, Т.Компанелла) еңбектерінде де сипатталды. Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру мазмұны өзінің дамуы барысында ір түрлі реакциялық идеялардың әсерін жеңе отырып, шетел педагогикасының озық ойларын, орыс, қазақ педагогикасының, педагогтарының, ойшылдарының аса бағалы пікірлерін пайдалану негізінде жетіліп дамып отырды. Ресейдегі алғашқы балабақшалардың ашылуы мен тәрбие жүйесінің ерекшелігі, педагогика ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар: А.С.Симонович, Е.Н.Водовозова, Л.Н.Шлегер, Е.А.Аркин, Е.А.Флерина, А.П.Усова, М.А.Маркова, Г.И.Лескова т.б. болды. Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбиенің қалыптасуы бойынша балабақшалардың ашылуы,

дамуы, тәрбие беру үрдісін ғылыми педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыру мәселелері, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту, тәрбиелеу М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Н.Құлжанованың еңбектеріндегі тәрбие мәселелері және зерттеу әдістері ұсынылды.

Әдіснама

Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің сапасын жақсарту үшін бірқатар республикалық жалпы білім беру бағдарламалары құрылған: «Мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеуді дамытудың моделі» және басқалары. Қазір осы бағытта көптеген шаралар қабылдануда.

Ал бұған дейінгі «Балапан» бағдарламасы 5-7 жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындық сапасын қамтамасыз ету мақсатында министрлікпен екі оқу бағдарламасы жасалды: Осы бағдарламаларға 19 оқу-әдістемелік кешендер әзірленген, оған 82 оқу басылымдары кіреді.

Қазіргі уақытта Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп және «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұсынымдамасымен балаларды, оның ішінде ерте жастағы балаларды дамытудың әртүрлі нысандарын дамыту бойынша іс-шаралар жүргізуде:

1) мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері мен типтерінің желісін кеңейту;

2) консультативтік пункттер желісін кеңейту, ата-аналарға арналған телехабарлар тарату бағдарламаларын, оқыту сайттарын жасау, отбасылардың интернет-ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы ата-аналарды білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету;

3) мектепке дейінгі білім беру жүйесінің, оның ішінде балаларды ерте жастан дамыту бойынша мазмұнын бағдарламалық-әдістемелік жаңарту;

4) балаларды ерте жастан дамыту бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру [4].

Қазіргі таңда Қазақстанда 12 жылдық білім беруге көшу кезінде мектепке дейінгі білім берудің негізгі рөлі мектеп жасына дейінгі баланың балабақшадан бастауыш мектепке қиналмай ауысуына жағдай жасау, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың білім алуының сабақтастығы мен үздіксіздігі болып табылады.

Әлемдік тәжірибе баланың 3-тен 6 жасқа дейінгі даму кезеңі мектепте оқуға дайындау үшін ең қолайлы жас екенін көрсетіп отыр. Осылайша, Францияда мектепке дейінгі білім беру міндетті болып табылмайды, бірақ 3-6 жасқа дейінгі балалардың барлығы дерлік балабақшаға барады. Мұндай жағдай Германияда, Канадада, Венгрияда, Англияда орын алған. Данияда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың құрылымы қазақстандық құрылымға ұқсас: бөбекжай - бір жарым

жастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін, балабақшалар - 3-тен 6-7 жасқа дейін [5]. Әлемдік үрдістерді және білім беру жүйесінің 12 жылдық оқытуға көшуін ескере отырып, балаларды мектепте оқытуға 3 жастан 6 жасқа дейін дайындауды қамтамасыз ету қажет.

Республика бойынша білім беру желісінде 11036 МДҰ болса, ондағы қамтылған бала саны - 944 192-ді құрайды, оның ішінде:7615-і балабақша, 3421-і шағын орталық. Ал, мемлекеттік МДҰ саны - 5845, Жеке МДҰ саны - 5191. Республика бойынша қамтылу **1 - 6 жас** – **84,7 %** , **3-6 жас - 98,9%** құрайды.

Республика бойынша мектепке дейінгі ұйымдар түрі:

-Балабақшалар – 3194 - 285546;

-Мектепке дейінгі шағын орталық – 3421 – 93101;

-Санаторлық бөбекжай – балабақша – 58 – 4553;

-Отбасылық бөбекжай – балабақша – 1 -68;

-Арнайы балабақша – 38 – 3341;

-Арнайы бөбекжай – балабақша – 12 – 1184;

-Бөбекжай – балабақша – 4312 – 556399;

Республика бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың меншік нысаны:

-Коммуналдық меншік – 5841;

-Республикалық меншік – 4 (Бөбек, Қарлығаш-1,2,3);

-Азаматтар меншігі – 5100;

-Қоғамдық меншік (діни ұйым) – 1;

-Өнеркәсіптік меншік (мемлекет және шетелдіктер қатысуынсыз) – 27 ;

-Өнеркәсіптік меншік мемлекет қатысуымен – 63.

Былтырғы тамыз кеңесінде айтылған деректерге сүйенсек: 3-6 жастағы балаларды қамту көрсеткіші 98,8%-ға дейін жетті. Ал 2-ден 6 жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі әлі де 71%-ды ғана құрайды. Сондықтан ерте жастағы, яғни 2 мен 6 жастағы балаларды қамту міндетін басты назарға қойылып отыр. Осы жастағы балалар үшін ең көп кезек Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларында. 2025 жылға қарай 2-6 жастағы балаларды қамтуды 95%-ға, ал 3-6 жастағы балаларды қамтуды 100%-ға дейін жеткізу көзделіп отыр. Ол үшін жекеменшік балабақшалар желісін одан ары дамыту, ваучерлік қаржыландыруды, одан бөлек әлеуметтік тәрбиеші институтын енгізу тетіктерін кеңінен қолданып, сәйкесінше, әкімдіктерден

мемлекеттік тапсырыс мөлшерін нормативке сай төлеу мәселесін шешулерін сұралуда. Өйткені онсыз жаңа орындар ашу мүмкін болмайды.

Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес мектепке дейінгі білім берудің жаңа моделі әзірленеді. Оны енгізу үшін 6 облыста (*Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында*) сәуір-мамыр айларында пилоттық жоб енгізіліп, нәтижелері талқылануда. Бұл үшін ойын арқылы оқыту қағидаты негізінде мемлекеттік стандартқа өзгерістер енгізіледі. Тәрбиешілерді даярлау, біліктілігін арттыру жүйесі, бағдарламалар жаңартылады.

Республика бойынша шығармашылық топпен «Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» ғылыми – техникалық зерттеу бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ECERS халықаралық шкаласы бойынша мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау бойынша мониторинг жүргізілген. ECERS халықаралық шкаласы 6 шкаладан, 35 индикатордан тұратын зерттеу. Мониторинг нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың ұлттық бірыңғай критерийлері әзірленіп жатыр;

Сондай-ақ, «...мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен бірге енгізілетін ваучерлік қаржыландыру тетіктері де балабақшалардың бәсекелестігін арттыру арқылы білім сапасына да оң өзгеріс әкелетінін атады. 2020 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдар желісі 279 бірлікке көбейіп, 11 036 бірлікті құрады, контингент 944 192 мың балаға жетті. «Сонымен, жеке меншік балабақшалардың үлесі 61% болды. 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 98,9% құрайды. Қабылданған шараларға қарамастан, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, Түркістан, Алматы облыстарының мектепке дейінгі ұйымдарына кезектілік сақталуда. Мемлекеттік балабақшаларда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Күрделі жөндеу 49 балабақшада қарастырылған». [3]

Лицензиялауды қайтарды. Мемлекеттік аттестаттау қайта жүргізіле бастады. Балабақшалардың меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бес жылда бір рет профилактикалық бақылау арқылы жүргізілетінін бақылау түрі мектепке дейінгі ұйымдардың қазіргі жай-күйінің көрінісін ашты. Мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдарының қызметіне сыртқы бақылау және тәртіп орнату, сондай-ақ білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін енгізілді. 2021 жылы мемлекеттік бақылау

жаңа форматта диагностикалық және әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымына бармай-ақ жүзеге асырылды. Жалпы 2021 жылы республиканың меншік нысанына қарамастан 178 мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік бақылаудан (*мемлекеттік аттестациядан*) өту жоспарланған, оның ішінде 70 % мектепке дейінгі ұйым аттестаттаудан өтпеді.

Қажеттілікке сай балабақша салынуды талап еткен жерде, білім сапасын арттыру мәселесі де қалыс қалмайды. Мектепке дейінгі білім беру сапасының деңгейі жоғары елдерде саладағы ағымдағы проблемаларды қадағалауға және тиісті ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер тұрақты негізде жүргізіледі, ал педагогтер қызметін өзекті ғылыми деректерге сәйкес құрады, өз әрекеттеріне зерттеу жүргізе отырып, практикаларды, балалардың пікірлерін ескереді және кері байланыс орнатады, зерттеу қызметімен тұрақты түрде айналысады. Бұл үшін педагог шеберлігінің тиісті деңгейі және үнемі даму мен оқуға деген ұмтылыс қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін ғылыми негіздеу және қолдау мәселесін шешу үшін «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі базасында Балаларды ерте дамыту институты, өңірлердегі әдістемелік кабинеттердің жанында балаларды ерте дамыту мәселелері жөніндегі мобильді топтар құрылады, олардың қызметіне мынадай функциялар кіреді:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың педагог қызметкерлеріне білім беру бағдарламаларын, әдістемелік материалдарды, оқыту әдістерін іске асыруда, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуде, білім беру процесін ұйымдастыру мен басқаруда, оны психологиялық қолдауда әдістемелік көмек көрсету;

2) жұмыс тәжірибесін жинақтауды, талдауды және жүйелеуді қамтамасыз ету, жұмыстың тиімді нысандары мен олардың нәтижелері туралы деректер банкін құру;

3) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметінің бағытына сәйкес әдістемелік жұмыстың мазмұнын әзірлеу жөнінде шығармашылық топтар құру;

4) педагогтерге әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі нысандары арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік жасау;

5) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогтеріне педагогикалық ұжымның және жеке педагогтердің жұмыс тәжірибесімен танысу үшін жағдайлар жасау.

Қорытынды

Білім және тәрбие берудің бірінші сатысы – мектепке дейінгі ұйым. Қазіргі заман да білім беру жүйесін өзгерту жағдайындағы басым бағыт оқу-тәрбие жұмысын жаңғырту болып табылады. Білім мазмұны оқу материалдарын

берудің әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартуды талап етеді, білім берудің әдіс-тәсілдері мен түрлерінің тиімділігі, баланың ақыл-ойы мен зердесінің дамуына тікелей әсер етеді. Бұл білім беру саласындағы бірінші кезектегі проблемалардың бірі, оны шешуді кейінге қалдыруға болмайды. Педагогикалық үрдістің жаңа түрлерін ұйымдастырудың зор маңызы бар, атап айтқанда: оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша оқыту мен вариативтік бағдарламаларды енгізу, мектеп жасына дейінгі балаларға білім мен тәрбие беруде жаңа технологияларды қолдану, мектепке дейінгі білім беру менеджментін дамыту. Біздің міндетіміз – баланы тәрбиелеуде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, мәдени мұраға, жалпыхалықтық игілікке, сонымен қатар, әрине белгілі бір жүйеге сүйене отырып, бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеу.

Ұсыныс:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделін іске асыру шеңберінде 6 облыста (Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында) пилоттық жоба енгізіліп, мекеме тарапынан әдістемелік сүйемелдеуді, бақылау-зерттеу, талдау бойынша 2022 жылдың 1 сәуірінен пилоттық жобаның нәтижелеріне бағытталған жұмыстар жүргізуде. Нәтижесі негізінде пилот жүргізілген балабақшаларды жетекші пилоттық балабақша ретінде бекітіп, тірек балабақшалар арқылы модельді енгізу жұмыстарын жеделдету;
- Цифрлық сауаттылықты жетілдіру, әсіресе ҰБДБ толтыру кезінде жауапкершілікті арттыру;
- Жеке балабақшаларға мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан әдістемелік көмек көрсету үшін тәлімгерлік тағайындауды енгізу. Алғашқы ашылған жылға;

Тыңдағандарыңызға рақмет!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф.Н Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіру мәселелері // Тұтас педагогикалық процесс теориясы болашақ мұғалімді кәсіби дайындаудың негізі атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2014.-Б.134-138
2. Кенжебекова Б.Т Маманның кәсіби құзыреттелегін зерттеудің әдіснамасы // Труды международной научной конференции «Наука и образование – ведущий и фактор стратегии «Казахстан-2030». Вып1 Караганда: Изд-во КарГТУ», 2004. –Б. 157-159
3. Тамыз кеңесі А.Аймағамбетов баяндамасы
4. Слямова Н.М. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде құзіретті маман даярлауды қалыптастыру. http://do.gendocs.ru/docs/index-265917.html.
5. Құдайбергенова Қ.С Құзырлық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007 – 500 б
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары;
7. Білім туралы заң;
8. Министерство образования и науки Республики Казахстан (www.gov.kz)
9. (irrd.kz) Институт раннего развития детей
10. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы
11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.
12. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 18 маусымдағы № 297 бұйрығы
13. ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру туралы»